



ПАЙДАЛАНУШЫНЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ



**Ая үрлегіш-шаңсорғыш**  
**Finepower OneBase**  
**CBBR87**

# Мазмұны

<b>Сақтық шаралары.....</b>	5
Жұмыс орнындағы қауіпсіздік .....	5
Электр қауіпсіздігі.....	5
Жеке қауіпсіздік.....	6
Электр құралдарын дұрыс пайдалану.....	6
 Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion)	
жұмыс істеу бойынша ұсыныстар .....	8
 <b>Құрылғының сұлбасы .....</b>	9
 <b>Құрылғыны пайдалану .....</b>	9
Аккумуляторды орнату/шығарып алу.....	9
Қосу/сөндіру .....	9
Ая ағынын реттеу.....	10
Ая үрлеу режимі.....	10
Шаңсорғыш режимі.....	10
 <b>Аккумулятор мен құаттау құрылғысын пайдалану.....</b>	10
Аккумуляторды зарядтау .....	11
 <b>Құрылғыны тазарту және қызмет көрсету.....</b>	12
<b>Жиынтықтамасы.....</b>	12
 <b>Техникалық сипаттамалар .....</b>	12
<b>Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу</b>	
және кәдеге жарату ережелері мен шарттары.....	13
 <b>Қосымша ақпарат.....</b>	14

# **Құрметті сатып алушы!**

Сізге «FinePower» сауда белгісімен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнге қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және өндірілген бүйімдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оны күту жөніндегі ұсынымдарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Осы Нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз етіңіз және бүйімді одан әрі қолданған кезде нұсқаулықты анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Ая үрлеғіш-шаңсорғыш — ағаштан түскен жапырақтар мен ұсақ қоқыстарды үрлеуге тазалауға және жинауға арналған механикаландырылған бақша құралы.

## **Сақтық шаралары**

### **Жұмыс орнындағы қауіпсіздік**

- Бұл электр құралымен жанғыш сұйықтықтар, тұтанғыш газдар орналасқан немесе шаңды орынжайларда жұмыс жасауға болмайды. Пайдалану барысында, сондай-ақ қосып, өшірген кезде құрал ұшқын шығарады, бұл шаң мен будың тұтануына әкелуі мүмкін.
- Электр құралымен жұмыс істеу кезінде балалар мен бөгде адамдарды жұмыс орнына жақыннатпацыз. Электр құралын пайдалану барысында бақылауды жоғалтып алуыңыз мүмкін.
- Шаңдану деңгейі жоғары жабық орынжайларда жұмыс істеген кезде тыныс алу мүшелерін қорғау құралын қолданыңыз.

### **Электр қауіпсіздігі**

- Электр тоғының соғуынан қорғайтын қажетті сақтық шараларын қолданыңыз. Құрал корпусының жылдыту құбырлары, тоңазытқыштар сияқты жерге түйікталған беттермен байланысқа түсүіне жол бермеңіз.
- Электр құралын жаңбыр мен ылғалдан қорғаңыз. Электр құралына судың енүі электр тоғымен зақымдану қаупін арттырады.

## Жеке қауіпсіздік

- Мұқият болыңыз, не істеп жатқаныңызды бақылауда ұстаңыз және электр құралымен жұмысты ойластырып бастаңыз. Шаршаған күйде, немесе есірткінің, спирттік сусындар мен дәрі-дәрмектің әсерінде болған жағдайда электр құралын пайдалануға болмайды. Электр құралымен жұмыс істеу кезіндегі бір неміқұрайлықтың салдары ауыр жарақатқа әкелуі мүмкін.
- Жеке қорғану құралдарын, яғни қорғаныс маскасын, тайғанамайтын табанды бар аяқ киімді, қорғаныс шлемін немесе есту органдарын қорғау құралдарын пайдалану, электр құралымен жұмыс істеу түріне байланысты жарақат алу қаупін төмendetеді.
- Электр құралының байқаусызыда қосылуына жол берменіз. Электр құралын электр қуатына және/немесе аккумуляторға қоспас бұрын электр құралының сөндірілген күйде екендігіне көз жеткізіңіз. Электр қуатына қосылған күйдегі құралды ажыратып-қосқышынан ұстамаңыз.
- Электр құралын қосқанға дейін орнату құралын немесе сомынды кілттерді шетке алып қойыңыз.
- Жұмысты өзіңіз үшін ыңғайлы күйде орындаңыз. Осының арқасында күтпеген жағдайларда электр құралын жақсы басқара аласыз.
- Сәйкес келетін жұмыс киімін киіңіз. Кең киім кименіз мен әшекейлер тақпаңыз. Шашыңызды, киім мен қолғапты қозғалмалы бөліктерден алшақ ұстаңыз.
- Шаң соратын және шаң жинаитын құрылғыларды орнату мүмкіндігі болған жағдайда, олардың қосылуын және дұрыс пайдаланылуын тексеріңіз. Шаң сорғышты қолдану шаң тудыратын қауіпті төмendetуі мүмкін.
- Электр қуатын жогалтқан кезде немесе электр құралы өздігінен сөніп қалса, ажыратқыш пернесін дерек «Сөнд.» күйіне ауыстырып, ашаны розеткадан ажыратыңыз. Егер кернеу шығыны болған кезде машина қосулы қуйінде қалса, қуат көзін қайта қосқанда ол өздігінен жұмыс істеп кетеді, бұл дene жарақатына және(немесе) материалдық залалға әкелуі мүмкін.

## Электр құралдарын дұрыс пайдалану

- Осы құрылғы коммерциялық мақсаттарда пайдалануға арналмаған.
- Электр құралын артық жүктеме түсірменіз. Өз жұмысыныңызға, осы мақсатта қолданылатын электр құралын пайдаланыңыз. Тиісті сипаттамасы бар электр құралымен көрсетілген қуат диапазонында жұмыс әлдеқайда қолайлы және сенімді.
- Ажыратқышында ақауы бар электр құралымен жұмыс жасауға болмайды. Қосылуы немесе өшірілуі қындық тұғызатын электр құралымен жұмыс жасау қауіпті және оны жөндеу керек.
- Электр құралын жөндеуден бұрын, керек-жарақтарын ауыстырудың және жұмысты тоқтатудың алдында штепсельдің айырын желі розеткасынан ажыратыңыз және/немесе аккумуляторды шығарыңыз. Бұл электр құралының байқаусызыда қосылуын болдырмайды.
- Пайдаланылмайтын электр құралдарын балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Электр құралымен таныс емес немесе осы нұсқаулықтарды оқымаған адамдарға оны пайдалануға рұқсат берменіз. Тәжірибесі жоқ адамдардың электр құралдарын пайдалануы қауіп төндіреді.

- Электр құралдарын, керек-жарақтарды, жұмыс құралдарын және т.б. осы нұсқаулыққа сәйкес қолданыңыз. Бұл ретте жұмыс жағдайлары мен орындалатын жұмыс түрін ескеріңіз. Мақсатына сай қарастырылаған жұмыстарда электр құралдарын пайдалану қауіпті жағдайларға әкелуі мүмкін.
- Пайдаланылмайтын құралды балалардың қолы жетпейтін құрғақ, жабық жерде сақтау керек! Осы нұсқаулықпен танысып шықпаған адамның құралды пайдалануына рұқсат берменеңіз.
- Құрылғыны адамдар мен жануарлардың жанында пайдаланбаңыз, оларға аяу ағынын бағыттамаңыз.
- Жұмыс істеп тұрған құрылғыны қараусыз қалдырманыңыз.
- Жұмыс барысында шаңды, жонқаларды жинап алу және т.б. үшін үнемі шаңқинағышты пайдаланыңыз.
- Құрылғының күл, металл жонқаларын, бұраншегелерді, шегелерді және т. б. тазарту үшін пайдалануға болмайды.
- Құрылғының желдету саңылауларын бұғаттамаңыз. Қозғалтқыштың жоғары айналу жиілігі құрылғының зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Құрылғыны доп, резеңке қайықты және т. б. үрлеу үшін пайдалануға болмайды.
- Құрылғының технологиялық тесіктеріне саусақтарыңызды немесе қандай да бір заттарды салмаңыз.
- Төмен температурада құрылғыны ұзақ уақыт пайдалануға болмайды.

## **Аккумуляторлық батареямен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша ұсыныстар**

- Аккумуляторды өндіруші көрсеткен қуаттау құрылғысымен ғана қуаттаңыз. Аккумуляторлардың бір түріне сәйкес келетін қуаттау құрылғысы басқа аккумулятор блогымен қолданылған кезде өртке әкелуі мүмкін. Электр құралын тек өзіне арналған аккумуляторлармен ғана пайдаланыңыз.
- Аккумулятор блогы пайдаланылмаған кезде, оны қағаз қыстырғыштар, монеталар, кілттер, шегелер, бұраншегелер сияқты металл заттардан немесе басқа да шағын металл заттардан бөлек сақтаңыз, себебі олар аккумулятор блогының контактілерінің қысқа түйікталуына әкелуі мүмкін. Аккумулятор блогының қысқа түйікталуы қүйікке немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Қажетті жағдайлар сақталмаса, сұйықтық аккумулятордан ағып кетуі мүмкін, онымен жана спауға тырысыңыз. Кездейсоқ байланысқа түскен жағдайда терінің бетін сүмен шайыңыз. Сұйықтық көзге тиғен жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Аккумулятор блогының ішіндегі құрам тітіркендіру мен қүйікке әкелуі мүмкін.
- Зақымдалған немесе қайсыбір түрде өзгерілген аккумуляторларды пайдаланбаңыз.
- Аккумулятор блоктарын немесе құралдарды отқа немесе шамадан тыс температураға ұшыратпаңыз. Оттың немесе 50 °C-ден жоғары температуралың әсері жарылыш тудыруы мүмкін.
- Аккумулятор блоктарын қуаттау жөніндегі барлық нұсқауларды орындаңыз. Аккумуляторды 5-тен 30 °C-ге дейінгі температурада қуаттаңыз. Аккумуляторларды немесе құралды рұқсат етілмеген температура көрсеткіштерінде қуаттауға болмайды.

## **Қызмет көрсету**

Электр құралына техникалық қызмет көрсетуді білікті маман жүргізуі тиіс, сондай-ақ ауыстыруға арналған түпнұсқалық бөлшектерді пайдалану керек.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** ешқандай жағдайда зақымдалған аккумулятор блоктарын пайдаланбаңыз! Аккумулятор блоктарына қызмет көрсетуді тек өндіруші немесе авторландырылған сервис орталығы жүргізе алады.

## **Аккумулятор блоктарына арналған қуаттау құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулық**

- Қуаттау құрылғысын жаңбырдан/ылғалдан алшақ ұстаңыз. Қуаттау құрылғысына судың түсі тоқпен зақымдану қаупін арттырады.
- Қуаттау құрылғысын, кабельді және ашаны пайдаланудың алдында әр кезде тексеріп тұрыңыз. Ақаулар анықталған жағдайда қуаттау құрылғысын пайдаланбаңыз.
- Балалар, сондай-ақ өз әрекеттерін бақылауда ұстай алмайтын және осы нұсқаулықпен таныспаған адамдарға қуаттау құрылғысын пайдалануға болмайды.

## Құрылғының сұлбасы



1. Келте құбыр.
2. Шығыс саңылауы.
3. Сору саңылауы.
4. Жылдамдық реттегіші.
5. Сөндіргіш.
6. Аккумуляторға арналған слот.
7. Ұзартқыш келте құбыр.
8. Шаңжинағыш.
9. Ілгек.

## Құрылғыны пайдалану

### Аккумуляторды орнату/шығарып алу

Аккумуляторды орнатудың және шығарудың алдында, құрылғы қосқышының жұмыс істеп түрғанын және босатқан кезде бастапқы «Сөнд.» қүйіне оралғанын тексеріңіз.

- Орнату: аккумуляторды құрылғыға сырт еткенше салыңыз.
- Шығарып алу: аккумулятор блогындағы бекіткіштің батырмасын басып, оны құрылғыдан шығарып алыңыз.

### Қосу/сөндіру

- Құрылғыны іске қосу үшін сөндіргішті басыңыз.
- Құрылғыны өшіру үшін сөндіргішті басыңыз.

## Ая ағынын реттеу

Ая ағынын реттеу үшін сөндіргішті толығымен басқан кезде жылдамдық реттегішін қажетті мәнге бұраңыз.

Реттегіштің мәні	Ая ағыны
3	Күшті
2	Ортаңғы
1	Нашар

## Ая үрлеу режимі

Келте құбырды шығару тесігін бекітіп, осы күйінде бекіту үшін сағат тілімен бұраңыз.



## Шаңсорғыш режимі

Келте құбырды сору саңылауына, ал шаң жинағышты - шығару тесігіне орнатыңыз. Шаң жинағыштың толуына қарай, ілгекті ашып, оны босатыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** сору күшінің азаюын болдырмау мақсатында, шаң жинағыштың толып кетуін бақылауда ұстаңыз.



## Аккумулятор мен қуаттау құрылғысын пайдалану

**Ескерте:** бұл электр құралының жиынтығына аккумулятор мен қуаттау құрылғысы кірмейді. Кестеде осы электр құралымен үйлесімді аккумуляторлар мен қуаттау құрылғыларының үлгілері көрсетілген.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** тек осы электр құралымен үйлесетін аксессуарларды қолданыңыз.

Li-ion аккумуляторы	Finepower OneBase B20 / Finepower OneBase B40 / Finepower OneBase B60
Зарядтау құрылғысы	Finepower OneBase C124 / Finepower OneBase C135 / Finepower OneBase C230


## Аккумуляторды зарядтау

- Аккумуляторды электр құралынан ажыратыңыз. Ол үшін аккумулятордағы бекіту батырмасын басып, аккумуляторды электр құралынан абайлаپ шығарып алыңыз.

Бекіту батырмасы



- Қуаттау құрылғысын электр желісіне қосыңыз. Индикатор жасыл түспен жанады.
- Аккумуляторды қуаттау құрылғысына салыңыз және байланыстың дұрыстығына көз жеткізіңіз.
- Индикатор, қуатталып жатқандығын көрсете отырып, қызыл түспен жанады.
- Куаттау аяқталғаннан кейін индикатор жасыл түспен жанады. Қуаттандыру құрылғысын қуат көзінен ажыратып, аккумуляторды шығарыңыз.



1. Қуатталған.
2. Қуатталып жатыр.


**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** қуаттандыру құрылғысын желіден ажыратқан кезде сымынан тарпаңыз.

## Аккумуляторлардың қуаттану деңгейі

Аккумулятор блоктарының қалған қуатын көрсету үшін қуаттану деңгейінің индикаторы батырмасын басыңыз.

Аккумулятор	Аккумулятордан жұмыс істеудің номиналды уақыты*
B20 2.0 А·сағ	≥20 мин.
B40 4.0 А·сағ.	≥40 мин.
B60 6.0 А·сағ.	≥60 мин.

\* Құрылғының шамалы жүктеме режимінде толық қуатталған кездегі болжамды жұмыс уақыты.



## **Құрылғыны тазарту және қызмет көрсету**

- Әрбір қолданғаннан кейін құрылғыны тазартып отырыңыз.
- Құрылғыны тазартудың алдында оның өшірілгеніне, ал аккумулятордың шығарылғанына көз жеткізуіз. Корпусты және желдегу тесіктерін кір мен шаңдан жұмсақ шүберекпен немесе майлышпен сұртіңзі.
- Құрылғының түсінің өзгеруін, деформациялануын және ондағы сываттардың пайда болуын болдырмау мақсатында, құрылғыны тазарту үшін бензин, еріткіштерді және спиртті пайдалануға тыйым салынады.

## **Жиынтықтамасы**

- Құрылғы.
- Ұзартқыш келте құбыр.
- Шаңжинағыш.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## **Техникалық сипаттамалар**

- Үлгісі: CBBR87.
- Кернеуі: 20 В.
- Айналымдар: 0-18 000 айн/мин.
- Өндірімділігі: 87 м<sup>3</sup>/сағ.
- Ағын жылдамдығы: 210 км/сағ.
- Жылдамдық режимдерінің саны: 3.
- Шаңсорғыш функциясы.

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сатып өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы қамтамасында өндірушінің және тұтынушының жылдытылатын орынжайларында ауа температурасы 5 °C бастап 40 °C дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80 % аспайтын кезде сақталуы тиіс. Орынжайларда тоттануды тұдышратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмау керек.
- Құрылғыны тасымалдау құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыптен қолдануды талап етеді, оны кірдің, соққылардың, ылғалдың, оттың және т. б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сатылуы тиіс.
- Бұйымның қолдану мерзімі аяқталғаннан кейін, оны әдеттегі тұрмыс қалдықтарымен бірге лақтыруға болмайды. Мұның орнына, оны федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейінгі қайта өңдеу мен кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау орнына кәдеге жарату керек. Осы бұйымды кәдеге дұрыс жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға көмектесесіз және тиісінше қолданбау салдарынан қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына келтірілуі мүмкін нұқсанның алдын аласыз. Осы бұйымды қабылдау және кәдеге жарату пунктілері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыс қоқысын шығаратын кәсіпорыннан ала аласыз.
- Құрылғы ақаулығын анықтаған кезде дереу авторландырылған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.



## **Қосымша ақпарат**

**Өндіруші:** Нинбо Лянъе Электрик Эплайенсис Ко., Лтд.

Цяньхоучән ауылы, Юньлун, Иньчжоу ауданы, Нинбо қаласы, Чжэцзян провинциясы, Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нур-Султан, р-н Сарыарка, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS QAQAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Таяп КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жиынтықтамасы

пайдаланушыға алдын-ала ескертүсіз өзгертілуі мүмкін.

Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.2

## Естеліктер үшін

## Естеліктер үшін

# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алған сәттен басталады және тек қана жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдалануши нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 48 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>

**Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:**

- ҚБП (Қашықтан басқару пультіне) арналған қуат элементтері (батареялар).
- Жалғыш кабельдер, антенналар және оларға арналған жалғастырғыш тетіктер, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтері ақпарат тасымалдағыштар, бағдарламалық құрал (БҚ) және драйверлер (бұйымның қатты магниттік дискілердегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БҚ-ны қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық керек-жарақтар, құрал-саймандар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



## **Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:**

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндеттіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұбықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге үәкілдеп емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсөрілмейтін күштің әсерінен (табиги элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туында. Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуна алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың тусуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың, БҚ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соқсан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туында.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кабельдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған үқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасызы (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жараптарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдаыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туында.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға үқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.





